



## БҰЙРЫҚ

«24» тамыз 2022ж.

№ 57

## ПРИКАЗ

« 24» августа 2022 г.

**«Білім беру ұйымдарында  
2022- 2023 оқу жылының басталуын,  
ұзақтығын және каникул кезеңдерін  
айқындау» туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29030 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №363 бұйрығының негізінде және «Ақмола облысының білім басқармасы» ММ-нің 2022 жылғы 18 тамыздағы №250 бұйрығына сәйкес **Бұйырамын :**

1. Білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және демалыс кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:

**1) 2022-2023 оқу жылының басталуы-2022 жылғы 1 қыркүйек;**

2) Оқу жылының ұзақтығы 1- сыныптарда – 35 оқу аптасы .

2- 11 сыныптарында – 36 оқу аптасы. Мейрам күндерінде түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады


**3) Оқу жылы барысындағы демалыс күндері :**

1). 1-11 сыныптарда: күзгі демалыс – 7 күн ( 2022 жылғы 31 қазан-6 қараша аралығында), қысқы – 9 күн ( 2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 08 қаңтар аралығында) , көктемгі – 9 күн ( 2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында ) ;

1-сыныптарда: қосымша демалыс- 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында);

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау оқу ісінің меңгерушісі А.Касеноваға жүктелсін.

**Негізі:** АББ бұйрығы №282-Ө 24.08.2022 ж

Мектеп директоры :  Саметова О.Б

